

Қызылорда қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімінің 2015 жылғы 23 маусымдағы N 3959 шешімі

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда қаласы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 17 маусымдағы № 394 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4473 нөмірімен тіркелген, "Ақмешіт апталығы" газетінде 2013 жылғы 25 шілдедегі №30, "Қызылорда Таймс" газетінде 2013 жылғы 25 шілдедегі №30 жарияланған);

2) "Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 17 маусымдағы №394 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1485 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4582 нөмірімен тіркелген, "Ақмешіт апталығы" газетінде 2014 жылғы 05 ақпандағы №4, "Қызылорда Таймс" газетінде 2014 жылғы 05 ақпандағы №5 жарияланған).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚАЛА ӘКІМІ

Н. НӘЛІБАЕВ